қабылдау эвристикалық тәсілдерін қамтитын және білімдер, деректер базасын, логикалық қорытындылау блогын мен интеллектуалды пайдаланушы интерфейсі бар заманауи компьютерлер негізіндегі ақпараттық-есептеу жүйесін атаймыз. Мұндай интеллектуалдандырылған жүйе күрделі, нашар формализацияланатын нысандарды басқаруда адам-оператордың қатысуымен жұмыс жасайды және шешім қабылдау процесінде ШҚТ-ға интеллектуалды қолдау көрсетуге қабілетті болуы керек. Бұл жұмыста баяу кокстеу қондырғысы (БКҚ) жұмыс режимдерін басқаруда шешім қабылдауды қолдауға арналған ИШҚҚЖ-сін құру мәселелері зерттеліп, ол жүйенің құрылымы әзірленіп, негізгі функционалдық блоктары сипатталады.

Соңғы уақытта математикалық тәсілдердің соңғы жетістіктері мен заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, шешім қабылдауды қолдау жүйелері негізінде ХТЖ-ді отималды басқару арқылы өндірістердің экономикалық тиімділігін мен экологиялық қауіпсіздігін арттыру мәселелерін зерттеу белсенді түрде жүргізілуде (Zaskanov et all., 2013; Vadinsky et all., 2018). Мысалы (Zaskanov et all., 2013; Prokopenko et all., 2017) жұмыстарының авторлары шешім қабылдауды қолдау жүйелерінің негіздері мен оларды құру мәселелері мен тәсілдемелерін зерттеген. Келесі (Gil'boa et all., 2017) монографиясында шешім қабылдау теориясы, тәсілдері жааәне оларды практикада шешім қабыылдау процесстерінде қолдану сұрақтары мазмұндалған. Ал (Gelovani et all., 2008; Vadinsky et all., 2018) зерттеу жұмыстарында табиғи ортан күйі жайындағы ақпаратты қолдануға негізделген интеллектуалды шешім қабылдау жүйесі қарастырып, интеллектуалды жүйелердің интеллектісі деңгеййін бағалау тәсілдеріне шолу жасалған.

Алайда практикада көптеген өндірістік нысандар, солардың ішінде мұнай өңдеу ХТЖ-ін эксплуатациялау барысында қолжетімді бастапқы ақпараттыі айқынсыздығымен сипатталатын түрлі өндірістік жағдайлар туындайды. Сәйкесінде мұндай жағдайларда нысандарды дәстүрлі тәсілдерге негізделген шешім қабылдау және басқару есептеріен формализациялау және шешу қажетті нәтиже бермейді немесе мүлдем мүмкін емес. Сонымен қатар, мұндай сандық сипатталуы қиын ХТЖ жұмыс режимдерін басқару бойынша шешім қабылдау есептерін математикалық тұжырымдау және шешу олардың күрделілігіне, көпкритерийлігіне байланысты қиындай түседі. Ал ол нысандарды басқаруда ескерілітін экономикалық және экологиялық тиімді шешімдер аймағында қайшы келетіні шешім қабылдау есебін тіпті күрделендіреді. ИШҚҚЖ әзірлеуде занауи тәсілдер, мысалы, имитациялық модельдеу; білім қорларында білімді іздеу; айқын емес жиындар, эволюциялық есептеулер тәсілдері; ситуациялық талдау; жасанды нейрондық желілер және т.б. жасанды интеллект технологиялары тәсілдері қолданылады (Osipov et all., 2015; Hamilton et al., 2018).

Сонымен зерттеу тақырыбы бойынша жарияланған еңбектерді талдау

нәтижесінде айқынсыздықпен сипатталатын күрделі ХТЖ-дің тиімді жұмыс режимдерін таңдау үшін шешім қабылдауды қолдау жүйесін жасанды интеллект тәсілдері негізінде әзірлеу бүгінгі таңда аса өзекті ғылыми-практикалық мәселе болып табылады. Бұл жұмыста зерттеу нысаны болып өндірілетін өнімдерінің кей сапа көрсеткіштері (кокс ұшаңдығы, күлділігі т.б.) айқынсыздықпен сипатталатын Атырау мұнай өңдеу зауындағы қолданыстағы БКҚ кокстеу реакторлары алынған. Зерттеу пәні ретінде жасанды интеллект тәсілдері қарастырылған. Зерттеу барысында эксперттік және айқын емес жиындар теориясы тәсілдері, шешім қабылдау есептерін шешуде эвристикалық тәсілдер және жүйелік талдау методологиясы қолданылады. Жұмыстың зерттеу мақсаты: БКҚ тиімді жұмыс режимдерін таңдауға мүмкіндік беретін интеллектуалдандырылған ШҚҚЖ құрылымын құру және ондай жүйелердің функционалдық блоктары мен олардың жүйелі жұмысын сипаттау. Алынған зерттеу нәтижелері шешім қабылдау теориясы мен тәсілдері үшін теориялық және практикалық маңызы зор. Себебі алынған нәтижелер шешілетін өндірістік есептердің ауқымын кеңейтеді, өндірістік жағдайлар мен міндеттерді неғұрлым адекватты сипаттауға және айқын емес ортада ИШҚҚЖ негізінде тиімді шешуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу барысында қажетті материалдар ретінде зерттеу нысанының, яғни кокстеу реакторларының жұмыс регламенті мен олардың өнімдерінің көлемі мен сапасын сипаттайтын авторлар (Assanova et all., 2023) жұмысында ұсынған модельдер кешені қолданылады. Сонымен қатар материалдар ретінде шешім қабылдау есептерін шешу эвристикалық тәсілдері мен интеллектуалдандандырылған жүйелерді құру процедуралары да пайдаланылады.

Зерттеу материалдары, атап айтқанда кокстеу реакторлары өнімдері (мұнай коксы, мұнай өнімдері булары) жайында мәліметтер сандық (өлшеу құралдары арқылы өлшенген) форматта қолданылады. Ал негізгі өнім кокстың сапасын, яғни ұшаңдығы мен күлділігін бағалайтын ақпарат сапалық (эксперт-мамандардың табиғи тілінде сипаталған, яңни айқын емес) тұрғыда болады.

Тұжырымдалған мақсатқа жету, яғни БКҚ тиімді жұмыс режимдерін таңдау интеллектуалдандырылған ШҚҚЖ құрылымын құрып, функционалдық блоктары жүйелі жұмысын сипаттау, үшін зерттеу бағытындағы жұмыстарды талдау, жалпылау, жетілдіру және зерттеу нысанының ерекшеліктерін ескере отырып ИШҚҚЖ құрылымы ұсынылады. Содан кейін ұсынылған ИШҚҚЖ жүйесінің функционалдық блоктарын өз ара байланыстары мен жүйелі жұмысы сипатталады.

Кокстеу ракторларында өндірілетін мұнай коксы мен мұнай өнімдері буларв көлемдерін анықтау, олардың реакторлардың кіріс, режимдік параметрлеріне байцланысын идентификациялау эксперименталдық-статистикалық тәсілдер (Douglas et all., 2021; Zhao et all., 2018) негзінде жүзеге асырылады. Ал зерттеу

нысанының негізгі өнімі мұнай коксының, айқынсыздықпен сиатталатын сапа көрсеткіштері жайында ақпаратты жинау, формализациялау және өңдеу үшін эксперттік бағалау және айқын емес теориясы тәсілдері (Jorgensen et all., 2019; Orazbayev et all., 2018) қолданылады. Сонымен қатар бұл зерттеуде ИШҚҚЖ блокторы жұмыстарын жүйелендіру және түрлі сипаттағы ақпараттарды модельдеу мен шешңм қабылдацуда пайдалануға мүмкіндік беретін жүйелік талдау тәсілдемесі (Huang et all., 2019; Ivo et all., 2021) қолданылады.

Нәтижелер мен талқылау. Практикада БКҚ сияқты күрделі, айқынсыздықпен сипаттаолатын ХТЖ жұмыс режимдекрін тиімді басқару үшін ШҚТ үнемі нақты туындаған өндірістік жағдай талаптарына сәйкес адекватты шешімдердер қабылдауы тиіс. Түрлі факторларға байланымты болатын жіне ақпарат тапшылығы және йқынсыздығымен сипатталатын мұндай шешімдерді ғылыми негізделген тәсілдер мен арнаулы компьютерлік жүйелер көмегінсіз мұндай шешімдарды қабылдау мүкін емес. Бастапқы ақпараттың жетіспеушілігі және айқынсыздығын ескере отырып, ХТЖ басқару бойынша тиімді шешімдер қабылдауға арналған заманауи математикалық, эвристикалық тәсілдер негізінде құрылатын ИШҚҚЖ ШҚТ-ға шешімдерді дайындау және қабылдау процесінде көмектесетін қуатты құрал болып табылады. Сондықтан бұл жұмыстың негізгі нәтижелері БКҚ жұмыс режимдерін айқынсыздықта басқару үшін құрвлатын ИШҚҚЖ құрылымын әзірле және және оның негізгі функционалдық блоктары мен олардың жүйелі жұмысын сипаттауға бағытталған.

Ұсынылған құрылымдағы ИШҚҚЖ шешім қабылдаушылардың талдау, шығармашылық ойлау және олардың өз біліміне, тәжірибесіне және интуициясына негізделген ұтымды шешім қабылдау қабілеттері мен қазіргі заманғы компьютерлердің үлкен көлемдегі ақпаратты жылдам өңдеуге және күрделі есептеулерді тез мүмкіндіктерін біріктіреді. Сондай құрылатын ИШҚҚЖ-де кибернетиканың негізін қалаушы Н.Винердің «Адамға адамға лайық функцияларды, ал машинаға машинаға тән функцияларды беру» және «ашық жүйе» принципрері сақталатын болады. Яғни адам, біздің жағдайды ШҚТ және компьютердің функцияларын ұтымды ажырату және жүйені дамытуға, жаңа жағдайларға бейімдеуге жүзеге асыру маңызы орын алады. Сондықтан шешңм қабылдаву процесінде ШҚТ мен компьютер (жүйе) арасында тиімді диалогты ұйымдастыру үшін қажет ыңғайлы «интеллектуалды» интерфейс қарастырылады.

– ШҚТ-лардың компьютерлерден артықшылығы -қолайлы программалау ортасы негізінде шешім қабылдау есептерін шешу үшін құрастырылған модельдер мен әзірленген алгоритмдерді программалық жүзеге асыру (6-кезеңде (6-ші кезеңде);

– альтернативті таңдау кезінде қабылданған пікірлер негізінде таңдалған шешімді түсіндіру блогы әзірлеу (7-ші кезеңде);

– жағдайлар мен шарттар өзгерген кезде құрастырылған модельдердің

параметрлерін идентификациялау және баптау үшін параметрлік идентификациялау тәсілдеріне негізделген программалық пакет түрінде модель параметрлерінің идентификаторын әзірлену (8-ші кезең);

– логикалық программалау тілдеріне (мысалы, Prolog) негізделген, ШҚТ-ның жүйемен, мысалы, табиғи немесе кәсіби тілдерде ыңғайлы және таныс жұмыс режимін қамтамасыз етуге арналған «интеллектуалдандырылған» интерфейсті әзірлеу (9-ші кезең).

Жоғарыда ұсынылған ИШҚҚЖ-рін құру әдістемесінің жоғарыда сипатталған кезеңдері мен шешім қабылдау қолдау жүйесінің құрылымы мен құрамына қойылатын талаптарды талдау негізінде БКҚ-нің жұмыс режимдерін басқаруға арналған ИШҚҚЖ-нің келесі құрылымы ұсынылады (сурет 1). Ұсынылған ИШҚҚЖ құрылымында ол жүйенің функционалды блоктары арасындағы байланысты көрсететілген.

Сурет 1 – БКҚ жұмыс режимдерін басқару бойынша шешім қабылдауды қолдау жүйесінің құрылымы.

Ұсынылған ИШҚҚЖ құрылымы ашық жүйе принципі бойынша құрылған, яғни қажет болған жағдайда олардың бұл жүйе құрамындағы функциионалдық блоктарды жетілдіруге және басқа блоктарды енгізуге болады.

БКҚ жұмыс режимдерін басқаруға арналған құрылымы әзірленген ИШҚҚЖ-нің негізгі функционалды блоктарының негізгі функциялары мен сипаттамасын қарастырайық.

1) *ИШҚҚЖ пайдалушысы* – бұл нысан джұмысын басқаратын оператор-технолог, яғни ШҚТ. Пайлдаланушы, ИШҚҚЖ қолдауымен басқарылатыен нысан жұмысының ең жақсы режимін таңдайды, яғни мүмкін шешімдер жиынынан барлық шектеулердің шарттары орындалуын ескере отырып таңдалған критерийлердің оотималды (тиімді, ымыралы) мәндерін

қамтамасыз ететін шешім нұсқасын қабылдайды. ШҚТ ең жақсы шешімді қалыптасқан өндірістік жағдайға, өндіріс жоспарына, шикізаттың құрамына, нарықтағы өнім сапасына қойылатын талаптарды және т.б. ескере отырып қабылдайды. Сонымен қатар, бұл жағдайлар мен талаптар өзгеруі мүмкін, бұл ШҚТ тарапынан шешім қабылдау процесінің нақты критерийлері мен енгізілген шектеулер мен басқа да параметрлердің маңыздылығын ескеретін салмақтау коэффициенттерінің өзгеруіне әкеледі.

Шешімдерді дайындау мен қабылдаудың қарастырылған мәселелерін шешу үшін пайдаланушы ИШҚҚЖ-нің келесі блокарын қолданады: БКҚ технологиялық агргаттарының математикалық модельдері пакетін; шешім қабылдау есептерін шешу тәсілдері, соның ішінде айқынсыздықта да жұмыс жасайтын эвристикалық алгоритмдерін; сондай-ақ, қажет болған жағдайда, деректер және білімдер базасы блогы және алынған шешімді түсіндіру блогын.

Басқару ныаны параметрлері мен жұмыс жағдайы өзгерген жағдайларда, жаға жағдайға адаптациялау процесінде модельдердің параметрлерін қайа идентификациялау, баптау және білім қорын толтыру мен толықтыру кезінде ШҚТ эксперт ретінде қатысады. Ұсынылған құрылымнан көрініп тұрғандай, ШҚТ-ның аталған барлық функциялары пайдаланушы интерфейс арқылы жүзеге асырылады.

2) *«Пайдаланушы интерфейсі»* блогы. ИШҚҚЖ-нің бұл функционалдық блогы пайдалнушыға, яғни ШҚТ-ға шешімдерді дайындау және қабылдау процесінде жүйемен жұмыс жасауға, ақпарат алмасуға ыңғайлы, интерактивті режимді қамтамасыз ететін программалар жиынтығы болып табылады. Сонымен қатар бұл блок жүйенің бірқатар басқа функцияларын жүзеге асыру кезінде (мысалы, пайдаланушыға таныс форматта нәтижелерді көрсету, талдау жүргізу, нысанның интерактивті схемасымен жұмыс жасау, шешімдерді таңдау процесін визуалды бақылау және т.б.) қолданылады. ШҚТ мен жүйе арсындағы ақпарат алмасуды, диалогты ыңғайлы ету үшін ИШҚҚЖ «интеллектісін» арттыру үшін ақпарат алмасу процесі пайдаланушыға таныс табиғи немесе кәсіби тілде болуы керек.

Кәсіби тіл ретінде кәдімгі адам тілінің тым үлкен бөлігі болып табылмайтын, шешілетін мәселелердің мәнін мамандықтың пәндік саласындағы мамандардың өзара түсінуін жеңілдететін белгілі бір қасиеттері бар табиғиға жақын тілді түсінеміз. Кәсіби тілде әр ұғым мен сөз біржақты түсінілуі керек, яғни мұндай тілде синонимдер болмауы тиіс. Сонымен қатар, табиғи тілдегі сөз тіркестері мен сөйлемдермен салыстырғанда, кәсіби тілдегі сөз тіркестері мен сөйлемдер неғұрлым қатаң ережелерді қолдана отырып құрылады. Кәсіби тілді құру оңай болмаса да, мұндай «жеңілдетілген» тіл ШҚТ мен ИШҚҚЖ арасындағы тиімдірек жұмыс режиміне мүмкіндік береді және адам мен компьютер арасындағы ыңғайлы диалогты ұйымдастырудың тиімді құралы болып табылады. Сонымен бұл пайдаланушы блогы ИШҚҚЖ-

нің маңызды блоктарының бірі болып табылады, интерфейс пайдаланушы мен жүйе арасындағы байланыстың ыңғайлылығын, қарапайымдылығын және тиімділігін қамтамасыз ететіндіктен, ол ИШҚҚЖ-нін интеллект деңгейін анықтайды. Сонымен қатар ИШҚҚЖ-нің интеллект деңгейі білім базасында формализацияланған және сақталған білімнің көлемі мен мазмұнына, модельдерді құру кезінде қолданылатын эксперттердің білім деңгейіне және шешім қабылдау есептерін шешудің эвристикалық алгоритмдеріне де байланысты екенін атап өткен дұрыс.

Пайдаланушы, яғни ШҚТ мен компьютерлер арасында ақпарат алмасуға мүмкіндік беретін граикалық интерфейсті әзірлеу кезінде адамның компьютермен өз ара әрекетін ұйымдастырудың келесі негізгі талаптары ескерілді (Larichev et all., 2019).

– ИШҚҚЖ пайдаланушысы болып табылатын ШҚТ-дан ақпарат алу әдісінің дұрыстығы. Бұл талаптың сақталуын қамтамасыз ету үшін алдымен режимдері басқарылатын нысанның ШҚТ-мен талқылау және келісу ұсынылады, осылайша о5ан неғұрлым түсінікті және таныс тіл, мысалы, кәсіби бағытталған тіл, ақпарат қабылдау және шығару үшін қолданылады;

– БКҚ жұмыс режимін тиімді басқару үшін ИШҚҚЖ пайдаланушысы мен компьютер арасындағы диалогты және ақпарат алмасуды ұйымдастырудың ыңғайлылығы мен жайлылығы. Бұл талап мыналарды қамтиды: есептеу процедурасының тиімділігін қамтамасыз ету және оларды ШҚТ-ға тез және ыңғайлы түрде ұсынуға мүмкіндік беретін қажетті параметрлер мен өндірістік көрсеткіштерді анықтау; диалог процесінің әр қадамында қажетті түсініктемелерді, кеңестер мен ақпаратты алу мүмкіндігін қамтамасыз ету;

– ШҚТ мен компьютер арасындағы икемді диалог принципін жүзеге асыру. Бұл принцип диалог процесінде қай тараптың жетекші екенін дұрыс анықтауды талап етеді. Мәселені шешу сатысына байланысты кейбір жағдайларда компьютерге шешім қабылдау процесінің жалпы схемасын енгізу арқылы диалогтың жетекші тарапы ретінде компьютерді анықтап, шешім қабылдаушыны ақпарат көзі ретінде анықтаған жөн. Шешім қабылдау процесінің басқа жағдайларында немесе кезеңдерінде, керісінше, жетекші мәселені шешудің барысын анықтайтын және нәтижелерін бағалайтын ШҚТ-ны анықтап, компьютерді есептеу құралы ретінде анықтаған жөн.

ШҚТ мен компьютер арасындағы диалогты ұйымдастыру және жүзеге асыру тәртібі сәйкес ішкі мәзірлер мен әрекеттері бар мәзірге негізделген. Осылайша, әрбір мәзір өз кезегінде әртүрлі әрекеттерді жүзеге асыратын бірнеше ішкі элементтерді қамтиды. Мәзір жүйесін әзірлеу кезінде оның мазмұны мен нысандары ШҚТ-ның, яғни БКҚ ақпараттық жүйесін пайдаланушылар болып табылатын операторлары мен технологтарының талаптары мен тілектерін ескере отырып анықталады.

3) *«БКҚ – басқару нысаны математикалық модельдері» блогы.* Бұл функционалдық блок басқару нысанынның жеке аграгаттарының құрылған

модельдері мен олардың технологиялық схемаға сійкес бір пакетке біріктірілген құрылымдардың жиынтығы болып табылады. Модельдер пакетінде әр түрлі типтегі модельдер болуы мүмкін, мысалы, статистикалық, айқын емес, біріктірілген және олар бірге басқару нысанының жұмысын жүйелі модельдеуге және оптимизациялауға мүмкіндік беруі керек. Модельдер пакеті басқару нысаны жұмыс режимдерін басқару үшін қолданылатын кіріс және жұмыс параметрлерінің түрлі мәндері үшін БКҚ жұмыс сапасын бағалайтын критерийлердің мәндерін есептеу (анықтау) үшін қолданылады.

БКҚ жеке агрегаттарының математикалық модельдері модельдерді құруға қажетті қолжетімді ақпараттың сипатына байланысты әр түрлі тәсілдердің қолдану арқылы, декмпозиция принципіне сәйкес әзірленеді. Бұл принципкке сәйкес модельдер алдымен қолжетімді ақпаратқа байланысты түрлі тәсілдермен құрастырылады, содан кейін БКҚ жеке арегаттарының әзірленген түрлі типтегі модельдері кокстеу технологиялық процестің жүру схемасына сәйкес бір жүйеге, яғни модельдер пакетіне біріктіріледі.

4) «*Шешім қабылдау есептерін шешу тәсілдері, эвристикалық тәсілдер»* блогы. ИШҚҚЖ-нің бұл функционалды блогы басқару нысанының ең тиімді жұмыс режимін таңдауда шешім қабылдау есептерін шешу кезінде қолданылады және әдетте, айқын емес ортада шешім қабылдау есептерін шешудің эвристикалық алгоритмдерін қамтиды. Шешім қабылдау есептерін шешу алгоритмдері, модельдер пакетін, декректер мен білімдер базасын және логикалық қорытынды ережелерін қолдану арқылы тиімді шешімдердің жиынын анықтайды. Содан кейін ол тиімді (Парето) жиынынан ішінен таңдалған критерийлер бойынша ең жақсысын, яғни нысанның туындаған жағдайларға байланысты ең тиімдсін ШҚТ таңдайды. Сонымен соңғы, ең тиімді шешімді қабылдау пайдаланушы-ШҚТ құзіретінде болады.

5) *«Қабылдауға ұсынылған шешімді түсіндіру» блогы.* Әдетте бұл блоктың құрамында *«Логикалық қорытындалау»* функциясын жүзеге асыратын ішкі блок, немесе жеке блок қосымша өолданылады. Бұл функционалдық блок қабылданған шешімдерді қорытындылау және түсіндіру стратегиясын жүзеге асыруға арналған. Шешім қабылдау есептерін шешу алгоритмдерін және модельдер пакетін, білімдер және деректер базасы блогын пайдалана отырып, аталған блок шешім қабылдаушыларға басқарылатын нысанның жұмыс режимдерін тиімді басқару бойынша ұсыныстарды тұжырымдауға мүмкіндік береді.

Логикалық қорытындылау және таңдалған шешімді түсіндіру процедуралары шартты қорытынды жасаудың логикалық (композициялық) ережелерін пайдалана отырып, айқын емес жиындар бойынша операцияларды орындау және альтернативті таңдауларда қабылданған барлық ойлар мен шешімденрді тіркеу негізінде жүзеге асырылады. Сондай-ақ, қажет болған жағдайда, ШҚТ шығарылған ұсыныстар бойынша түсініктеме ала алады. Мұндай түсініктемелер жүргізілген логикалық қорытындының компьютерде

сақталған ізі негізінде алынады. Түсініктемелерді құру процесін жүзеге асыру үшін құрылымы мен функционалдық блоктра ұсынылған ИШҚҚЖ блогы «Шешім қабылдау есептерін шешу тәсілдері, эвристикалық тәсілдер», «Білімдер және деректер базасы» және «Пайдаланушы интерфейсі» блоктарымен байланысады.

6) *«Білімдер және деректер базасы»* блогы пайдаланушы – ШҚТ- ның, пән бойынша эксперттердің және БКҚ туралы білімдер мен деректер базасын құруға және оларды өңдеп, шешім қабылдау процесінде қолдануға арналған.

Бұл блокта сақталған ақпаратты келесі функцияларды орындауда пайдаланылады:

– «Шешім қабылдау есептерін шешу тәсілдері, эвристикалық тәсілдер» блогында альтекрнативті шешімдерді талдау және таңдауда;

– логикалық қорытындылау және алынған шешімді түсіндіру процесінде;

– «Модель параметрлерінің идентификаторы» блогында модельдерді жаңа жағдайларға адавптациялау, баптау үшін, сондай-ақ нысанның жұмысы туралы әртүрлі есептерді құрастыру кезінде.

Бұл жағдайда білім компьютерде сақталған, белгілі бір ережелерге сәйкес формализацияланған, ШҚТ, эксперт-мамандардан алынған және формализацияланған ресімделетін ақпаратты білдіреді. Интеллектуалды жүйелерде ШҚТ, эксперттерден алынған және олардың білімі, тәжірибесі мен интуициясы формализацияланған түрде көрсететін осындай ақпарат негізінде білімдер базасы құрылады. Компьютер, білім базасындағы білімге негізделген, содан кейін белгілі бір алгоритмдерді пайдалана отырып, қорытынды жасай алады.

7) *«Модельдер параметрлерінің идентификаторы» блогы,* модельдердің адекваттығын тексеруге және қажет болған жағдайда параметрлерді қайта идентификациялауға, баптьауға арналған. Өндірісте мұндай смодельдердің параметрлерін баптау, қайта идентификациялау қажеттіліктері түрлі себептерге (физикалық тұрғыдан ескіру, шикізат қасиеттерінің өзгеруі т.б.) басқару нысанының күйі, сипаты өзгергенде немесе тағы басқа өзгеріс тероге байланысты туындайды. Бұл блок параметрлік идентификациялау тәсілдерін жүзеге асыратын программалық кешен болып табылады.

Құрылымы ұсынылған БКҚ жұмыс режимдерін басқару бойынша тиімді шешім қабылдауды қолдау интеллектуалдандырылған жүйенің интеллекуалдық деңгейін арттыру үшін келесі әс-әрекеттер негізінде жүзеге асырылады:

– толық және қарама–қайшылығы жоқ білімдер базасын құру;

– тиімді шешімді таңдау кезінде құрылған білімдер базасын және ШҚТ-ның білімін, тәжңрибесін және интуициясын «интеллектісін, шығармашылық қабілетін барынша толық пайдалану;

– айқын емес ортада тиімді шешімді қабылдауға мүмкіндік беретін эвристикалық алгоритмдерді құру және қолдану;

- басқару нысанының, яғни БКҚ-ның модель құруға қажетті кейбір бастапқы декретер мен ақпараттардың күрделі өлшенуі немесе өлшенбеуі жағдайларында қосымша айқын емес ақпараттарды пайдалану арқылы нысанның модельдерін құру;

– пайдаланушы, яғни ШҚТ-ға жүйені шешім дайындау жіне қабылдау кезінде қолдануды оған түсінікті және ыңғайлы түрде жүзеге асыратынғ яғни ақпарат алмасуды табиғи не кәсіби тілде жүргізуге қабілетті интеллектуалдандырылған пайдалушы интерфейсін құру.

Ұсынылған БКҚ жұмыс режимдерін басқару бойынша тиімді шешімді таңдауды жүзеге асыратын ИШҚҚЖ «Пайдаланушы (ШҚТ) - компьютер (жүйе)» арасындағы ақпарат алмасуды шешім даярлау және қабылдау процесінде қамтамасыз ететін диалогты, итеративті режимінде жұмыс жасайды. Диалог процедурасы ақпаратты енгізу/шығару құрылғысы (пернетақта, тінтуір, монитор, дисплей) арқылы жүзеге асырылады. Автоматты ақпаратты өлшеу және жазу құрылғыларымен арнаулы нысанмен байланыс интерфейстері арқылы байланыстыруға болады. Кейбір маңызды ақпарат пен өндіріс бойынша есеп беру материалдарын қағазда алу қажет болса, принтерлер пайдаланылады. Архивтік деректер, режим парақтары, есептер және т.б. сияқты үлкен көлемді деректер қатты дискілерде және басқа сыртқы жады құралдарында сақталады. Ақпаратты компьютерлерден басқа компьютерлерге немесе құрылғыларға тасымалдау және тасымалдау желі арқылы немесе сыртқы сақтау құралдарын пайдалану арқылы жүзеге асырылады.

Сонымен түрлі өндірістік нысандардың тиімді жұмыс режимдерін таңдауда бойынша шешім қабылдау есептерін шешуде қолданатын ИШҚҚАЖ тиімділігі білімдерді формализациялау, құрылымдау, құрылған модельдер және шешім қабылдау есептерін шешу эвртистикалық алгоритмдері сапаларымен, сондай-ақ пайдаланушы интерфейсі ыңғайлылығымен анықталатыны туралы қорытында жасауға болады.

Қорытынды. БКҚ оптималды жұмыс режимдерін таңдау бойынша шешім даярлау және қабылдау процесстеріне қолдау көрсету ИШҚҚЖ құрылымы жасақталып, оның негізгі функционалдық блоктарының қызметтері мен сипаттамалары берілген.

Жұмыста тұжырымдалған зертеу мақсаты, яғни БКҚ тиімді жұмыс режимдерін таңдауға мүмкіндік беретін ИШҚҚЖ құрылымын құру және ондай жүйелердің функционалдық блоктары мен олардың жүйелі жұмысын сипаттау, қол жеткізіліп, жүзеге асырылған. Ал аталған мақсатқа жету үшін қойылған зерттеу мәндеттері толығымен шешілген. Жұмыста зерттеу Зерттеу барысында алынған нәтижелер БКҚ сияқты күрделі, нашар формализацияланатын, яғни айқынсыздықпен сипатталатын технологиялық жүйелердің жұмыс режимдерін тиімді басқару мақсатында шешімдер қабылдауда қолданылуы мүмкін.

Құрылымы ұсынылған ИШҚҚАЖ-нің ұқсас жүйелерден артықшылығы: ИШҚҚАЖ құрамына ШҚТ, эксперттер білімдері, тәжірибелері негізінде құрылған модельдер жүйесі мен өз-ара байланысқан технологиялық агрегатар кешенінің оптималды жұмыс режимін айқын емес ортада таңдау бойынша шешім қабылдау эвристикалық тәсілдері, және интеллектуалдандырылған пайдаланушы интерфейсі енетіндегінде.

БКҚ жұмыс режимдерін оптимизациялау үшін ұсынылған ИШҚҚАЖ құрылымы (сурет 1), жоғары деңгейде автоматтандырылған нысандардың, сондай-ақ автоматтандыру деңгейлері төмен нысандардың жұмыс режимдерін оптимизациялауға мүмкіндік береді. Жүйенің мұндай құрылымы математикалық қамтуды жеңіл кеңейтуге және өндірістік процессті жүйелік талдау бойынша жаңа функцияларды қосуға да ыңғайлы болып табылады.

Бұл жұмыста зерттеу барысында келесі негізгі нәтижелер алынған:

- қарастырылатын интеллектуалдандырылған шешім қабылдауды қолдау жүйелерінің басқа компьютерлің ақпараттық жүйелерден айырмашылықтары, артықшылықтары мен мүмкіндіктері тұжырымдалған;

-ИШҚҚЖ мүмкіндіктері мен артықшылықтарын қамтамасыз етуге қажетті ИШҚҚЖ құрамынына енетін негізгі функционалдық блоктард мен мұндай жүйелерді құрудың негізгі тізбекті қадамдары мен сипатталған;

-ИШҚҚЖ-ін құру процедурасының жүзеге асырудың негізгі кезеңдері ұсынылып, сипатталған;

– баяу кокстеу қондырғысы мысалында айқынсықдықпен сипатталатын күрделі ХТЖ-дің жұмыс режимдерін басқару бойынша шешім қабылдауды қолдау жүйесінің құрылымы ұсынылып, оның құрамындағы негізгі функциоеналдық блоктардың қызметтері сипатталған;

– құрылымы ұсынылған ХТЖ-дің жұмыс режимдерін басқару бойынша тиімді шешім қабылдауды қолдау интеллектуалдандырылған жүйесінң интеллекуалдық деңгейін арттыру жолдары мен әдістері қарастырылған.

Зерттеу барысынд алынғани нәтижелер баяу кокстеу қондырғысы жұмс режимдерін басқару процесінді тиімді шешімдерді қолдау интеллектуалдандырыған жүйесін құруда қолданылуда. Сонымен қатар алынған нәтижелер болашақта ақпарат жетіспеушілігі мен айқынсыздығымен сипатталатын басқа ХТЖ-дің жұмыс режимдерін басқару бойынша ИШҚҚЖ-ін құруда қажетті бейімдеу мен жетілдіру арқылы қолданылуы мүмкін.

References

Lisicyn N.V., Viktorov V.K. (2021) Himiko-tekhnologicheskie sistemy: optimizaciya i resursosberezhenie. — SPb: Mendeleev. — 2-izd. — 347 p. (in Eng.)

Czabanski R., Jezewski M., Jacek Leski J. (2017) Introduction to Fuzzy Systems. In book: Theory and Applications of Ordered Fuzzy Numbers. https://doi.org/10.1007/978-3-319-59614-3_2 (in Eng.)

Orazbayev B., Ospanov Y., Makhatova V., Salybek L. Abdugulova Z., Kulmagambetova Z. Suleimenova S., Orazbayeva K. (2023). Methods of Fuzzy Multi-Criteria Decision Making for Controlling the Operating Modes of the Stabilization Column of the Primary Oil-Refining Unit. Mathematics 11, 2820. https://doi.org/10.3390/math11132820 (in Eng.)

Zaskanov V.G., Ivanov D.Yu., Grishanov G.M. (2013) Sistemy podderzhki prinyatiya reshenii. –Samara: SGAKU im. S.P. Koroleva (nats. issled. un-t). — 175 p. (in Eng.)

Prokopenko N.Yu. (2017) Sistemy podderzhki prinyatiya reshenii. — N. Novgorod: NNGASU. — 188 p. (in Eng.)

Gil'boa I. (2017). Kak prinyat' nailuchshee reshenie? Teoriya prinyatiya reshenii na praktike. — M.: ID «Delo» RANKhiGS, — 288 c. (in Eng.)

Gelovani V.A., Bashlykov A.A., Britkov V.B., Vyazilov E.D. (2008) Intellektual'nye sistemy podderzhki prinyatiya reshenii v neshtatnykh situatsiyakh s ispol'zovaniem informatsii o sostoyanii prirodnoi sredy; Editorial URSS. — M.: — 304 p. (in Eng.)

Vadinsky O. (2018). An overview of approaches evaluating intelligence of artificial systems. Acta informatica pragensia. — No 7-1. – P. 74-103. https://elibrary.ru/item.asp?id=35423152 (in Eng.)

Osipov G.S. (2015) Metody iskusstvennogo intellekta. — M.: Fizmat. — 295 s. (in Eng.)

Orazbayev B.B., Serimbetov B.A. (2019). Metody i sistemy iskusstvennogo intellekta v ekonomike. — Almaty: Izd. Evero, — 308 p. (in Eng.)

Makarov I.M., Lokhin V.M., Man'ko S V., Romanov M.P. (2012) Iskusstvennyi intellekt i intellektual'nye sistemy upravleniya, M.: Nauka. — 336 p. (in Eng.)

Hamilton S.H., Jakeman A.J., Norton J.P. (2018) Artificial Intelligence techniques: An introduction to their use for modelling environmental systems. Mathematics and Computers in Simulation. — Vol. 78. — No 2. — P. 379–400. https://doi.org/10.1016/j.matcom.2008.01.028 (in Eng.)

Assanova B., Orazbayev B., Shangitova Z, Moldasheva Z., Orazbayeva K., Kozhakhmetova D. (2023) Development of Coke Chambers Models of Delayed Coking Unit under uncertain initial information. 7th International Symposium on Innovative Approaches in Smart Technologies (ISAS), Istanbul, Turkiye. — P. 1-5 https://doi.org/10.1109/ISAS60782.2023.10391778 (in Eng.)

Douglas A.M. and Danny A.M. (2021) Statistical Methods in Experimental Pathology: A Review and Primer. The American Journal of Pathology. — Vol. 191. — No 5. — P.784–794 https://doi.org/10.1016/j.ajpath.2021.02.009 . (in Eng.)

Karmanov F.I. Ostreykovskiy V.A. (2019) Statisticheskiye metody obrabotki eksperimental'nykh dannykh s ispol'zovaniyem paketa MathCad. — M.: Radio i svyaz'. — 187 p. ISBN: 978-5-905554-96-4. (in Eng.)

Zhao Zh.W., Wang D.H. (2018) Statistical inference for generalized random coefficient autoregressive model // Mathematical and Computer Modelling, — Vol.56. — No 3. — P.152-166. (in Eng.)

Jorgensen M. A (2019) Review of Studies on Expert Estimation of Software Development Effort. Journal of Systems and Software. — V.70. — P.37-60. (in Eng.)

Foth T., Efstathiou N., Vanderspank W.B. (2016) The use of Delphi and nominal group technique in nursing education: a review. Int. Jurnal Nurs Stud, 2019. —Vol. 60. — P. 112–120. https://doi.org/10.1016/j.ijnurstu..04.015 (in Eng.)

Divina T.V., Petrakova Ye.A., Vishnevskiy M.S. Osnovnyye metody analiza ekspertnykh otsenok. Journal of Economy and Business. — Vol. 7. — P. 42-44. (in Eng.)

Ryzhov A.P. (2021) Fuzzy set theory and its applications. -Moscow: Moscow State University. 2nd edition. — 285 p. ISBN: 978-3-540-70777-6. (in Eng.)

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see http://www.elsevier.com/publishingethics and http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see http://www.elsevier.com/postingpolicy), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service http://www.elsevier.com/editors/plagdetect.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:
www:nauka-nanrk.kz
http://physics-mathematics.kz/index.php/en/archive
ISSN2518-1726 (Online),
ISSN 1991-346X (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*
Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*
Верстка на компьютере: *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 22.12.2025.
Формат 60x881/8. Бумага офсетная.
Печать –ризограф. 20,0 п.л. Заказ 4.

«Central Asian Academic Research Center» LLP
Алматы, Қонаев к-сі, 142